

«Павлодар облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

«Ертіс ауданының білім бөлімі» КММ
«Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекеме
тел:8(718-32) 40-446



Коммунальное государственное учреждение
«Средняя общеобразовательная школа им. Ш.Уалиханова»
КГУ «Отдел образования Иртышского района»,
«Управление образования акимата Павлодарской области»
тел:8(718-32) 40-446

БҰЙРЫҚ
31 қазан 2024 ж
Северное селосы

ПРИКАЗ
№ 3-04/271
с.Северное

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастыру, және «Даналық мектебі» ережелерін бекіту туралы.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2024 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

I. 2024-2025 оқу жылында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (әрі қарай Орталық) жұмысы ұйымдастырылсын.

II. Төмендегі функционалды міндеттермен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін:

2.1 Орталық қызметіне басшылық жасау және бақылау мектеп директорына жүктелсін;

2.2 Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.К. Аулабаеваға:

- ата-аналар, білім алушылар мен педагогтердің мониторингке қатысуын қамтамасыз ету;
- Орталық аясында өтетін сабақтардың кестесін жасап, бекіту.
- Орталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақытылы жеткізу жүктелсін.

2.3. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары С.К. Жүсүповаға:

- Орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеттерін педагогтерге бекіту, ата-аналармен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, сабақ өтуі барысында санитарлық-гигиеналық талаптар мен мектепке бөгде адамдардың кірмеуін қамтамасыз ету жүктелсін;

2.4. Мектеп кітапханашысы М.В.Семенова: педагогтер мен сынып жетекшілерге ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету жүктелсін.

III.2024-2025 оқу жылына Орталық сабақтарының Бағдарламасы вариативті компонентті таңдау мүмкіндігімен және ата-аналарға сабақ беру бағдарламасының 20-30% әзірлемесі құрастырылып, контенттің мазмұнын сапалы құрылсын, педагогикалық кеңес отырысында бекітілсін.

IV.Орталық жұмысы мектептің тәрбие жоспарына «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі» жаңа бағыты енгізілсін.

V.Орталық қызметін мектепшілік бақылауға алу, мектепшілік бақылау жоспарының бөліміне, тармағына өзгерістер енгізу мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.Е.Кадырбаеваға жүктелсін.

VI.Орталық жұмысы аясында «Даналық мектебі» клубының жұмысы ұйымдастырылсын.

VII.Педагогтерге ата-аналарға арналған сабақ бағдарламасының вариативті компонентінің әзірлемесін құрастыруға әдістемелік қолдау көрсету директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.К.Аулабаеваға жүктелсін.

VIII.Орталықтың жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету, ата-аналар жиналыстарында Орталық жұмысының тәжірибесімен таныстыру сынып жетекшілерге, Орталықтың жұмыс тобына жүктелсін.

IX.Орталық қызметі туралы БАҚ мен әлеуметтік желілерде, мектеп сайтында жариялансын, бірлескен табысты тәжірибе таратылып, Орталық қызметіне мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, қоғамдық ұйымдар мен мектептің Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік серіктестер мен демеушілер тартылсын.

X.Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым ата-аналардың облыстық, республикалық форумында тәжірибе таратуға және Орталық қызметінің нәтижелігін арттыру бойынша жұмыстарға белсене қатыссын.

XI.Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталығына келесі мұғалімдер тағайындалсын:

- Жүсупов Н.М.- мектеп директоры, комиссия төрайымы
- Аулабаева Д.К.-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
- Жүсупова А.Н.- педагог-психолог, комиссия мүшесі
- 1-11 сынып жетекшілері

XII. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және қараусыз жүруіні алдын алу жұмыстарын нығайту мақсатында, жанұялық құндылықтарды күшейту, бала тәрбиесіндегі ата-аналар қауымдастығының, әкелер жауапкершілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың профилактикасы мен

балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңына 2020 жылғы 28 қыркүйегіндегі облыстық білім беру ұйымының хатын негізге ала отырып :

XIII. «Ш.Уалиханов атындағы» орта мектебі бойынша «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі», «Жеңгелер мектебі» құру туралы ереже бекітілсін, және тағайындалсын:

«Аталар клубы»:

Жетекшісі: Жусупов Н.М

«Әжелер мектебі»:

Жетекшісі: Айтуарова Г.Б, Жакупова Б.Б

« Жеңгелер мектебі»

Жетекші : Аулабаева Г.Ж

«Аға мектебі»: Слямбеков Е.Е

XIV. Осы бұйрықтың бақылауын тәрбие жөнінің орынбасары Аулабаева Д.К-ға жүктелсін.

Мектеп директоры:



Жусупов Н.М